**Жеке тұлғалардың жеке кабинетінде тіркелу бойынша пайдаланушы нұсқаулығы.**

1. Кез келген браузердің мекенжай жолағына https://kaztoll.kz/#/ енгізіңіз.
2. Тіркелу үшін «Тіркелу» батырмасын басыңыз.




3. Электрондық пошта немесе телефон нөмірі арқылы тіркелудің екі тәсілі бар модальды терезе ашылады.



4. Электрондық пошта арқылы тіркелу кезінде аты-жөніңізді, электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз, құпиясөз ойлап тауып, оны растау өрісіне қайта енгізіңіз. Құпиясөздер бірдей болуы және құрамында бас және кіші әріптер, сандар мен арнайы таңбалар болуы қажет. Нысанды жіберер алдында «Мен робот емеспін» жолағына белгі қойыңыз. Содан кейін «Тіркелу» батырмасын басыңыз.



5. Көрсетілген электрондық поштаға жеке кабинетке кіруге арналған сілтеме жіберіледі. Осы сілтеме арқылы өтіп, жеке кабинетті пайдалануды бастаңыз.

6. Телефон нөмірі арқылы тіркелу кезінде аты-жөніңізді, телефон нөміріңізді және электрондық поштаңызды толтырыңыз. Нысанды жіберер алдында «Мен робот емеспін» жолағына белгі қойыңыз. Содан кейін «SMS-код жіберу» батырмасын басыңыз.



7. SMS-хабарламаны алғаннан кейін активация кодын енгізіңіз, құпиясөз ойлап тауып, оны растаңыз (құпиясөздер бірдей болуы және құрамында бас және кіші әріптер, сандар мен арнайы таңбалар болуы қажет). Содан кейін «Аккаунтты белсендіру» батырмасын басыңыз.

